


СҮМБІЛЕ



№1 (3)
21.07.05

Ғылыми-танымдық басылымның авторы жазушы-фантаст Жүніс САХИЕВ



күншығыс жақтан қылтиып шығады.

Өлер айдың бейнесін қазақ әдетте дүниеден өткен адамның бейітінің қоршауына, күмбезінің басына орнатады. Туар Ай жабылған жарты жақшаға, өлер Ай С әрпіне ұқсас. Осы екі көріністі есте сақтау қажет.

Айдың бірінші қасиеті, Жердің өз осінен айналуы кезінде өсінен ұршықтың басындай ауытқып кетуіне мүмкіндік бермеуі. Айдың өзіне қарай тарту мен босаңсыту қабілетінің күштілігі сондай, Жеріміздегі шалқыған мұхит, теңіз бен көл атаулының бәрі тасу мен қайту дейтін құбылысты бастарынан өткереді. Ай тартылысынан тіпті, жер бедерінің өзі де көтеріліп басылады. Жер шарымыздағы ауа райының кенеттен ысып немесе суып кетуіне де Айдың ықпалы бар. Оны халқымыз

көрінген мезгілде кесуге рұқсат етіледі. Өйткені, ондай кезде ағаштың бойында су аз болады, кесілген ағаш ұзақ уақыт бойына шірімей сақталады. Ай толған кезде отырғызылған ағаш көшеттерінің басқа уақытта отырғызылған көшеттерге қарағанда әлдеқайда тез өсетіні, оның жеміс салатын аналық бұтақтарының көбірек таралатыны ғалымдарға ой салып отыр.

Ай толған кезде өсімдіктердің ішкі клеткаларындағы

Гиппократ, Гален, Парацельстің еңбектерінде, қасиетті құраңда, Библияда, Талмұдта Ай жөнінде көп айтылады. Адам организмнің күллі қызметі, оның

Қасиеті

белсенді кезеңі мен бәсең кезеңі Аймен байланыстырылады. Айдың ширектерінің өзгеруіне қарай адам денсаулығының да өзгеріс алатыны бір ғана рет айтылып, жазылып қойған емес.

Айдың берер әсері адамның денсаулығына сай әрқалай келеді. Ол әсер адамның жыныстық ерекшеліктеріне де байланысты болып келеді. Ер адамның түсті ажырату қабілеті Айдың ширегіне байланысты өзгереді. Өлара жақындағанда ер адам қысқа толқынды көк, көгілдір түсті, ал Ай толғанда ұзын толқынды қызыл түсті жақсы ажырата алады. Сондай-ақ адамның қанындағы биологиялық белсенді заттардың өларадан кейінгі үшінші күні, Ай толғаннан кейінгі екінші күні жоғарылайтыны анықталған. Басылымдардың тұжырымдауларына, жүрек пен қан тамырларының қызметін күшейтетін заттар Айдың ықпалына тәуелді. Адам қанындағы лейкоциттердің көбеюі де өларадан алты күн бұрын және өларадан кейінгі бесінші күні орын алады.

(Жалғасы 3-бетте).

Үш

ежелден жақсы білген. Ай шалқалап туса, "өзіне жайлы, шаруашылыққа жайсыз" деп даттаған, оған қарай таяқ та лақтырған. Ал тігінен туған Айға қарап, тізерлей отыра кетіп: Ай туды. "Ай көрдім, аман көрдім, жаңа заман көрдім, ескі Айда есірке, жаңа Айда жарылқа", - деп жайған екі алақанымен бет сипаған. Ай Жеріміздің түнгі қараңғы бөлігіне өзінің күміс сәулесін төгіп тұрады. Ерте кезде ол адам баласының түн мезгілінде жол табуына, мал қарауына көп көмек берді.

Екінші қасиеті, Айдың Жер биосферасындағы флора мен фаунаға әсер беретіні. Айлы түнде жапырағын жайып, гүлін ашып жайқалып тұратын өсімдіктер көп-ақ. Американың ғалымы Лей алты ай бойы жүгері собықтарының фосфорды сіңіру мерзімін бақылайды. Сонда ол жүгерінің тыңайтқышты Айдың толған кезінде көбірек, ал өлара кезінде аз сіңіретініне көзін жеткізеді. Швейцарияның Ауыл шаруашылығын химияландыру жөніндегі федеральды зерттеу институтының ғалымдары өсімдіктердің бойындағы айналу процесінің Айдың Жерді бір айналып шығу мерзіміне сай, яғни, 29,5 тәулікке сәйкес келіп отыратынын дәлелдеген. Американың ғалымы Д. Панцер өсімдіктердің өмірін зерттей келе олардың Ай толғанда суды бойларына мол сіңіретінін анықтады. Осы себептен де Канадада ежелден бері орман ағашын жаңа Айдың орағы



ерте заманнан бастап-ақ назар аударғаны белгілі. Ежелгі ғалымдар Аристотель, Плутарх,

Күн жүйесі газ-тозаң бұлтынан пайда болғанда Жердің жалғыз табиғи серігі Айдың да а т м о с ф е р а с ы , гидросферасының өзге ғаламшарлармен тең дәрежеде түзілгенін, табиғи серіктің жеке-дара ғаламшар болып саналатынын ғылым бүгінде еске жиі салып келеді. Тағдырына сай

айналымжолы созылыққы болғандықтан ол қашықтық апогейінде 406 740 шақырымға шарықтап, перигейінде 356 410

Айдың

шақырымға дейін азаяды. Айдың қозғалу бағыты батыстан шығысқа қарай. Ол әрбір сағатта 0,5 градусқа жылжиды. Оны қандай да бір жұлдызды белгілеп алып, бір сағаттан кейін Айдың шығысқа қарай жылжығанын аңғаруға болады. Келесі күні кеште Ай кешегі уақыттан 60 минутқа кешігіп шығады. Бұл да Айдың шығысқа қарай жылжығанын айқындайды. Айдың Күн тұсына келетін - өларадан кейін 14,5 тәулік өткенде Ай Күнге қарама қарсы тұрады. Бұл күндері біз толған Айды көреміз. Күн батқан бетте шығыс көкжиектен Ай көтерілетін болады. Өлара, Айдың бірінші ширегі, толуы мен соңғы ширегі жөніндегі мәліметтерді күнтізбелерден білуге болады. Айдың бірінші ширегі мен соңғы ширегін бір-бірінен ажырата білген жөн. Кейбір суретшілер салып жүрген суреттерде Айдың соңғы ширегі, өлер Ай бейнеленіп жүр. Туар Ай Күн батқаннан соң сәл өтпей батыс көк жиектен қолорақтай болып қылтиып көрінсе, өлер Ай таңғы мезгілде

әркімнің маңдайына жазылғаны орындалатыны сияқты, Күн жүйеміздегі ғаламшарлар мен олардың серіктері де түрлі жағдайларды бастарынан кешкен. Ай Жер мен Шолпан, Қызыл ғаламшар сияқты өзінің о бастағы, алғаш пайда болған кезіндегі атмосферасы мен гидросферасын ұстап қала алмаған. Олар ыдырап, ғарыш кеңістігіне сіңіп кеткен. Сондықтан да Ай тіршіліксіз. Ай Жерімізді 384 400 шақырым қашықтықтан 2 7 6 3 2 тәулікте бір айналып шығып отырады. Бірақ Айдың

(Соңы. Басы 2-бетте.)

Айдың әйел организміне де ететін әсері мол Нью-Йоркте он жыл ішінде дүниеге келген 50 000 нәрестенің ана жатырында Айдың толған кезінде пайда болғаны анықталған. Әйелдер Ай толған кезде көбірек бала көтереді екен. Ғалымдар, сондай-ақ перзент жынысының Күн мен Айдың орналасу, қозғалысы мен ықпалына байланысты деп санайды. Бала туылудың жиілеуі де Ай ширектеріне сәйкес. Ғалымдар оған ұзақ уақыт бойы зерттеу жүргізудің нәтижесінде көз жеткізген. Нью-Йоркте он жыл бойына жүргізілген әлгі зерттеулер Ай толғанда дүниеге келген нәрестелердің денсаулықтарының, он екі мүшелерінің дін-аман әрі көп туылатынын анықтаған. Балалардың дене салмағы мен бойларының өсу жылдамдықтары да Ай ширектеріне сай өзгереді.

Айдың адам психологиясына да әсер ететіндігі айқындалған. Жалпы, адам организмі Жер мен кеңістіктегі құбылыстардан әсерленіп отырады. Ғаламшарлардың шығыс көкжиектен көтерілуі мен аспан күмбезіне қарай шарықтап көтерілуі сәттерінде дүниеге келген адамдардың өмірге деген икемі, іске деген қабілеті жоғары болады. Ал Айдың шығыс көкжиектен шығып, аспан күмбезіне қарай шарықтауы сәтінде туылған адам қарапайым, досшыл, сергек, ойшыл болып қалыптасады екен. Зерттеу барысында ғалымдар балалардың әкешелері Айдың қай ширегінде дүниеге келсе, олардың да сол мерзімде дүниеге келетініне көз жеткізді. Айдың адамның тікелей өзіне тигізер ықпалы да мол. Ол да Айдың ширектерімен байланысты болып келеді. Ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда Ай толған кезде адамның жүрек ауруына деген шағымы азаяды. Көп жылғы ғылыми зерттеулер Ай сәулесі молайған сайын адам өлімінің де сирей беретінін көрсеткен. Өлара кезінде ауру да, өлім де жиілейді. Жұқпалы аурулар, балалардың аурулары, қан кету, уланып қалу, ішкен дәрінің организмге сіңбеуі де Ай сәулесінің әлсіреген сәтімен сәйкес келеді.

Осы қасиеттеріне байланысты Айдың қозғалысын қадағалап, соған сай белсенді әрекет пен сақтық әрекеттерін жасап отырғанның еш зияны жоқ. Ай көрер көзге жарқырап тұратын ең үлкен, ең жақын аспан денесі. Оның ширектері ғана емес, толған кезінде, тіпті, бетіндегі таулары мен ойпаттарына дейін қарайып тұрады. Ай ширектерін қадағалауды ол туған сәттен бастаған абзал. Бұл күні Ай қолорақтай ғана қияқтанып, батыс көкжиектен шамалы жоғары көрініп тұрып, көп кешікпей батып кетеді. Келесі кеште қарасақ, ол шығысқа қарай таяқ бойы жылжып қалады. Орағы сәл жалпаяды. Ай батыс көкжиекке барып бататындықтан біз, әдетте, оны солай қозғалады деп санаймыз. Ай қозғалысының олай көрінуі Жердің өз осінен шығысқа қарай айналуынан. Шындығында Ай батыстан шығысқа қарай айналады. Күн өткен сайын Ай шығысқа қарай биіктеп, жарығы да молая береді. Сөйтіп, ол тап кәдімгі белортасынан қақ бөлінген жарты күлше нанға ұқсайды. Мұны бірінші ширегі дейді. Бұл бір апта уақытқа созылады. Жеті саны да осы Ай ширегінің мерзімінен келіп туындаған.

Бірінші ширектен кейін Ай жарығы молая-молая келе толады. Бұл да бір апта уақытқа созылады. Түн жарық болады. Ай әдемілене түседі. Соған қарап халқымыз “Толған Айдай толықсып” деп әсірелеген жырлардағы сұлуларды. Толғанай, Айсұлу, Айгүл, Айерке, Айкерім есімдері де осы әдеміліктен келіп туындаған.

Ай толғаннан кейін бір-екі күн өткенде оның оң жақ шеті кертіге бастайды. Арада апта уақыт өткенде сол жағынан жартыланады. Бұл оның соңғы ширегі. Тағы жеті күн өткенде Ай Күннің тұсына барады. Оның алдында Ай сол қолға ұстаған қолорақтай ғана қияқтанып таң мезгілінде, Күн шығар алдында ғана көрінеді. Өлара кезінде Ай Күнмен бірге шығып, бірге батады. Сондықтан да ол бізге көрінбейді. Осы сәтті халқымыз өлара деп дәл айтқан. Екі-үш күннен соң біз оң қолға ұстаған қолорақтай қылтиған жаңа Айды батыс көкжиектен көреміз. Онан кейінгі құбылыс жоғарыда айтылғандай қайталаанады.

Бүгінде ғылым мен техника зымырап дамып, адам аяғы қасиетті Айдың топырағына да тиді. Айдың топырағы мен тасы Жерге жеткізілді. Айдың құпия сырларын аша түсу ісі одан әрі жалғасуда. Алдағы уақытта да оған сапарлар жасалып, киіз үй іспетті шыны үйлер салынып, Айдың топырағын үй құрылысы мен шипалық емге, тұрақты түсетін Күн сәулесін энергияға пайдалану көзделіп отыр. Сондықтан да Ай қасиеті ешқашан да өз дәрежесінен төмендемек емес, қайта ол уақыт өткен сайын адамзат дамуының тірегі бола бермек.

